

Оқушыларды қазақ тілі сабағына қызықтырудың кейбір көрінісі

Ана тілі мұғалімдерінің алдына мектеп оқушыларын дұрыс оқуға, жазуға және сөйлем білуге дағдыландыруда зор талаптар қояды. Методикалық шеберлік те, теориялық білім де, көрнекілік пен техникалық құралдардың көмегі де сол талаптарды мінсіз орындауға қызымет етпек. Балаға тиянақты да терең білім беру мұғалімнің тәжірибиесіне байланысты.

Мәселен IV сыныпта “Біріккен сөз” тақырыбына жаттығу арасында мынадай ойын ұйымдастыруға болады.

1. Бөлек жазылма, сын есім, географиялық термин.
Бірге жазылса, қазақ республикасындағы бір қала.

(Ақтөбе)

2. Бөлек жазсаң, метал мен өткен шақтық есімше,
Бірге жазсаң, кен өндірісінің аты.

(Жезқазған)

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды өту барасында “ойында” былай ұйымдастыру тиімді:

Тауда жоқ, сайда бар,
Атта жоқ, тайда бар.
Биеде жоқ, туйеде бар.
Қозыда жоқ, қойда бар.
Жиында жоқ, тойда бар.
Осындай тағы қайда бар.
Бұл қай әріп,
Қане, кім таба алады?

(й)

“Қызық” деп аталатын ойын.

Қызық, қырық, ысы, іні, ата, кебек, кезек, қадақ, қазақ сөздерін эпидиаскоппен экранға түсіріп: Қане, балалар, неге қызық деп аталған, кім бұрын табады? – дейді. Бұл сөздерді оңға қарай оқысақ та, солға қарай оқысақ та, бастапқы мағынасын сақтайтын сыры бар.

“Буын” тақырыбына арналған қайталау сабақтарында мынадай жұмыс ұйымдастырған орынды:

1. Бір құстың атында “а” дыбысы үш рет қайталанып, үш ашық буын жасайды. Ол қай құс?

(Шағала)

2. “А”, “қ” дыбыстары үш рет қайталанып, үш бітеу буын жасайды, ол қай құс?

(Қасқалдақ)

Одан әрі бітеу буынды алты құстың атын тауып, тақтаға тез жазып шығу үшін, үш топтан үш баланы шығарып жарыс өткізу. Олар: қаз, бұлбұл, сұңқар, бүркіт, кептер, жапалақ сөздерін жазады. Жеңіп шыққан оқушы бағаланады.

Балаларды ойландыруға түсетін сөз жұмбақтарды да қолдануға болады:

1. Бірінші буыны – жіңішке, езулік.
Екінші буыны – есімдік.
Тұтасынан алғанда,
Ол алғаш тым биік

(Емен)

2. Бір ақынның атында

- Он екі әріп, төрт буын.
Төртеуі де бітеу буын
Мұны тауып кәнеки
Айтар екен кім бұрын? (Султанмахмұт)
18. Дыбыс емес, таңба,
Оқылмайды, жазылады.
Әйтседе бұл екеуі
Біраз сөзден табылады.
(Ъ,ь)
19. Әрі дауысты, әрі дауыссыз,
Әрі жуан, әрі жіңішке
Бұл қай дыбыс?
(У)
20. Фонетикалық екі ұғым
Бірімен-бірі сыбайлас;
Бірі – айтылады да есітіледі,
Екіншісі – көрінеді де жазылады.
(Әріп пен дыбыс)
21. Қай сөздерде есітілсе де,
Үш – ақ сөзде жазылады.
Ол – қай әріп?
(щ. ащы, тұщы, кеще)
22. Алғашқы буыны – тұйық
Соңғы буыны – бітеу.
Тұтасымен алғанда
Құрманғазының қыз атымен аталатын бір күйі
(“Айжан қыз”)
23. Басы – ашық, аяғы – қысаң.
Екі – ақ дыбыс есеп қылсаң.
Саған да ол керек болар,
Өзен, көлге жақын тұрсаң.
Ол не?
(ау)
24. Біріккен сөздің түбірі:
Біріншісі – тағам сөзімен синонимдес.
Екіншісі – сол тағамды пісіретін ыдыс аты.
(Асқазан)
25. Біріккен сөздің бірінші түбірі – сын есімнен, екіншісі – зат есімнен.
Біріккен сөз дала ақының атын білдіреді. Бұл не?
(Қаракұйрық)
26. Етікші аспабымен аттас қай есімдік?
(біз)
27. Көпшіл, көңілшек
Еңтеңені бөліп жармайды.
Көптік ұғым беріп,
Көпшілікті қармайды
(Жалпылау есімдігі)
28. Бірі құстың аты е дыбысынан үш рет қайталанып,
үш бітеу буын құрайды. Ол қай құс?

5. Қай әріпті жоғалттым?
Ал....а, п...л, д...п, к...н, ж....р (жасалған дыбыстандың тауысты, дауыссыз екеніні айтады).
6. Дыбыстардан сөз құра
а) р, а, қ – қар.
ә) а, л, а, қ – қала.
б) қ, е, м, т, п, е – мектеп.
7. Жұмбақ шешу.
Ж – дан басталса, жыл мезгілі (Жаз)
Қ – дан басталса, құс аты. (Қаз)

Суретті билет. Сурет салынған карточкаларды таратып беріп, заттың сынын білдіретін сөйлемдер құрау.

8. Үндемес ойыны. Сөйлемдегі сөздердің байланысына қарай қолданылады.
1. Боран соқты, күшті.
 2. Тасыды астық машиналар.
 3. Қызыл Марат көрді түлкі.

Сөйлемді құрап болған соң, оқушы үндемей қол көтеріп, мұғалімнің рұқсатымен тақтаға шығады. Дұрыс жазса, балалар алақанын соғады. Дұрыс жазбаса, келесі команданың оқушысы орындайды.

9. “Тыныс белгісін қою” ойыны.

Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қайталау үшін берілген тапсырмалар:

- а) Қаладан келдім.
- ә) Мынау кім?
- б) Биылғы қыстың суығын-ай.

(Жауап берген оқушы ережесін айтып, сөйлемнің тыныс белгісін қояды).

10. Жұмбақ шешу:

- а) Өзім сөзден тұрамын
Аяқталған ойды құрамын. (сөйлем)
- б) Өзім сөзден тұрамын
Хабар мен нүкте жиғаным. (хабарлы сөйлем)
- в) Мен де сөзден тұрамын
Сұраулы ойды құрамын. (сұраулы сөйлем)
- г) Қуану, ренжу, өкіну,
Мақсатым соны сездіру
Ұранды да айтамын,
Қарқындап барып қайтамын (лепті сөйлем)

11. “Кім жылдам жалғастыра алады?”

Төмендегі сөздерге лайықты сөздерді тіркеп, кім жылдам жалғастыра алады?

Бір шымшым, бір жайым, бір шөкім, бір қайнатым, бір салым, бір асым, бір жұтым, бір ұрттам, бір ауыз.

Жауабы: Бір шымшым тұз, бір жайым нан, бір шөкім бұлыт, бір қайнатым шай, бір салым ет, бір асым ет, бір жұтым су, бір білем ет, бір ауыз сөз т.б.

12. Омар, Ғумар
Ұмыр – жұмыр алысады.
Үйме – түйме
Ілгек – түйме тағады ұшады.
13. Қаштым қатты-ақ,
Ұштым қалпақ.
Балақ-сатпақ,
Аяқ батпақ.
14. “Теңізде” жоқ,
“Балықта” бар.
“Семізде” жоқ,
“Арықта” бар, т.б. (А дыбысы)

15. Қазақ тілінің съезі.

Кеше қазақ тілінің кезектен тыс съезі болып өтті. Оны негізі сөз жолдас жүргізіп отырды. Онда мынадай мәселелер қаралды.

1. Қазақ тілі саласындағы кейінгі кезде атқаратын жұмыстар.

2. Қазақ тілінің болашағы.

Бірінші мәселе бойынша Қысқарған сөз баяндама жасады. Оның бір ерекшелігі ұлттық киім киіп келіпті: ҚХР, ҚазМПИ деген нақыштары әдемі көрінеді. Ол – шырғалақ шақта (заманда) архив еліне көшіп кеткен Көнерген сөз бауырына шақыру хат жолдағанын хабарлады. Сонымен қатар, із-түссіз жоғалып кеткендерге іздеу салынып, архайзм деген атпен жазықсыз репрессияға ұшрағандарды ақтау ісі жүріп жатқанын мәлімдеді.

Екінші мәселе бойынша сөз тіркесі шығып сөз сөйледі: Кейінгі кезде қазақ тілінде көп ұрпақты өмірге келтіріп, тәрбиелеп өсіріп отырған Туынды сөзге “Батыр ана” орденін беру лайықтығын айтты.

Жиналыс соңында Түбір сөз жарыссөзге шығып сөйледі. Ол ешқашанда пенсияға (зейнетке) шығуға келіспейтіндігін, халқына өле-өлгенше қызмет ете беретінін мәлімдеді.

16. Жұмбақ жұрнақтар.

- | | | |
|----|---|--------|
| 1. | Көлдененге керағар
Зат есімді жұрнақ бар. | (тік) |
| 2. | Жұрнақ дейміз өзге тілден ауысқан,
Қалалардың соңына кеп жабысқан. | (кент) |
| 3. | Сөз болғанда, еңбегіңнің өтеуі,
Жұрнақ болса, сын есім боп кетеді. | (кен) |

17. Сөзді әр түрлі мағынада сөз тіркесіне қатыстырып, тез-тез жалғастырып әкетуі тиіс.

Мысалы: Мұғалім “Түс” дегенде, оқушылар:

- 1) Көйлегі ақ түсті.
- 2) Күн түс болды.
- 3) Мен түс көрдім.
- 4) Жоламан, сен аттан түс – деген мысалдарды айтады.

18. Өлеңнен омонимдер тапқызу.

Апам жеміс ектіріп,
Өрік, алма қақтырды
Баппен тіліп, кептіріп,
Дәмі балдай қақ қылды.
 Жауды жаумен сіркіреп,
 Жұрт үйіне шақ кірді.
 Күн ашылды, кілкілдеп
 Жол бойына қақ тұрды.
Үйге кірген қонаққа
Нұсқады апам нақ төрді.
Қарбыз әкеп заматта,
Ортасынан қақ бөлді. (А.Шаяхметов)

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1) “Қазақ тілі және әдебиет” газетасы. 1998 жыл.
- 2) “Бастауыш мектеп” журналы. 2001 жыл.
- 3) “Қазақ тілін оқыту методикасы”. А.Исабаев.